

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**



Сур. 2 Графикалық дизайнның негізгі бағыттары

Жалпы, графикалық дизайн визуалды коммуникацияда маңызды рөл атқарады және оны қолдану бизнес пен маркетингте табысқа жетудің негізгі факторы болып табылады. Графикалық дизайнды дамытуға және жақсартуға деген ұмтылыс қазіргі көрнекі ақпарат әлемінде бәсекеге қабілетті және тиімді болып қалу үшін маңызды [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Филлипс С., Классен К. Көрнекі ақпаратты жобалау. - М.: Уильямс, 2008. - 240 б.
2. Робертсон С. Графикалық дизайн принциптері. - М.: Уильямс, 2007. - 216 б.
3. Мюллер-Брокман Дж. Желі және визуалды қабылдау. - М.: Болаша қауамағы, 2010. - 276 б.
4. Таубер А., Андерсон С. Барлығына арналған графикалық дизайн. - Санкт-Петербург: Петр, 2017. - 368 б.

ӘОЖ 721.012.8

ДИЗАЙН КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Низан Ақнұр Нұрғалиқызы

nizan.a@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының
1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ш.М. Тусупбекова

Дизайн – жалпы талғамды дамытуға өте қолайлы және композиция негіздерін үйретеді. Қоршаған орта адамды жамандық пен жақсылықтарды айыруға баулыды – және бұл бізге жеткіліксіз. Пластикалық өнер, дизайн заңдарын білетін адам өмірлік және физикалық орта формаларын сезініп, эстетикалық тұрғыдан дамымаған адамдарға карағанда бірқатар артықшылықтарға ие: жақсы сюжеттерді, арт-бірегей объектілерді таңдау, физикалық ортаны құру, «дизайн» термині біздің өмірімізде салыстырмалы түрде кеш пайда болды. Ағылшын тіліндегі «дизайн» сөзі суретті, кескіндеуді білдіреді.

Көркем безендіру үшін әдебиет тапшылығымен кездескеннен біз негізінен тәжірибеге сүйене отырып, жазуға тырыстық. Дизайнмен жұмыс істеудегі негізгі міндет интерьердің тұтастығын түрлі материалдарды пайдалана отырып, түстердің үйлесімдері арқылы бере білу болды. Көркемдік жұмыстармен барынша креативті болуға тырысу қажет. Әр түрлі декорациялар, тақырыптық көрме, афиша және т.б. – бұл өнердің туындысы. Бұл жерде композициялық шешімдер бейнелеу өнеріне ұқсас, мұнда да әдемі көркемдік талғам мен шығармашылық қажет, сондықтан бұл салада шынайы жетістіктерге жетудің қиындығы кейде суреттен, кескіндемеден немесе мүсіннен кем түспейді [1].

Көркем дизайн – қиялды, дарынды және шеберлікті талап ететін өнер саласы. Қызықты композицияларды, әдемі түстерді, сәтті қаріптері бар плакатты немесе тіпті тірі

жарнаманы біріктіру нобайлар жасаудан да оңай болмай шығады (Сурет 1). Бейнелеу өнері бір-бірінен бөлінуі мүмкін бірақ көркем безендірумен терең байланысты.



Сур. 1 Әсем безендірілген интерьер

Бүгінде үлкен өзгерістерге, жаңа технологиялар мен идеяларға толы дизайн адам өмірінің барлық салаларына кіреді. Оны үлкен жайлылығы бар ауыр жүк көлігінің жүргізушісі де, басқа конструкциядағы велосипедпен жүретін кішкентай бала да сезеді.

Дизайн барлық жерде, кофеүккіш немесе авиалайнер, кәсіби дүкен болсын.

Біз оқитын дизайн саласының негіздерін зерделейтін болсақ, қоғамның болашағында білім алушыларға үлкен пайда әкелуі мүмкін. Дизайн талғамды дамыту және композиция негіздерін үйрету үшін өте қолайлы. «Дизайн» сөзінің астарында не бар? Белгілі көркемдік энциклопедияда былай делінген: «Дизайн – өндіріс нысандарын жасайтын және бірыңғай материалдық ортаның ұтымды формасын құрайтын көркемдік жоба фигураларының алуан түрлілігіне сілтеме жасайтын термин. Танымал итальяндық сәулетші және дизайнер Понти «дизайн – біздің өркениетіміздің жарқын табиғатын ашатын дүниелер әлемін тудыратын тамаша формалар» деп есептейді. Басқа теоретик Т. Молдон басқаша пікірде, оның пікірінше, пайдаланылатын нысандар өнер туындысының қызметін атқара алмайды, сондай-ақ өнерге қойылатын негізгі талаптар, яғни заманауи интерьер, түстің әсері, жарық пен түстердің адам психикасына әсері сияқты мәселелер бойынша ой-пікірлер мен пікірлерді қозғайды [2]. Шетелде жобалаудың негізгі мақсаты жеңіл сапа индустриясын құру болып табылады деген пікір кең таралған. Осылайша, дизайн тұтыну мен нарықтық сұранысқа тікелей байланысты бола бастады. Жобалау саласын анықтау қиын емес (сурет 2). Дизайн айналамыздағы дүниелерді қамтиды. Бұл әлем бәрімізге жақын екені соншалық, біз оны шын мәнінде бәрімізге түсінікті, айқын, оңай білеміз деген пікірді жоққа шығара алмаймыз.



Сур.2 Ақ түстік шешімдегі интерьер


Жобалаудың басты екі шарты бар. Оны ең кең таралған жаңа схема бойынша қазіргі заманғы жетілдіру, батыста бұл стайлинг (стилизация) деп аталады. Екіншісі қалыпты жағдайға байланысты. Қажетті жабдықты бейімдеу және орналастыру. Біздің заманымызда әр күнді өзгерте отырып, жекелеген өнімдердің дизайнынан гөрі интерьердің кешенді дизайны, яғни осы ортаға бейімделу, я,ни бұл заңды құбылыс. Жалпы, кез келген интерьер, тұрғын үй болсын, тіпті дүкен, ателье, шеберхана болсын, дизайнерлік тәсілді талап етеді [3].

Жеке тұрғын үй қоғамдық ғимараттардан дизайн жағынан да, жоспарлау жағынан да ерекшеленетінін біз жақсы білеміз. Мысалы, егер тұрғын үй алаңы жиырма шаршы метрді

кұраса, бұл үлкен үй, бірақ мектеп сыныбының көлемі – елу шаршы метр, ол бәрін әдеттегідей жасайды. Өйткені онда түрлі жиһаз, түрлі заттар, түрлі кеңістік бар. Кез келген интерьер көпшілікке арналған. Осылайша, жоғарыда айтылғандар түсіндіруді қажет етпейді. Қоғамдық интерьерлер әдеттегідей жиі жобаланады. Шын мәнінде оны көркем әрі жайлы етуге болады. Бұл нағыз шығармашылық өнертапқыштықты қажет етеді [4].

Түстер қазіргі интерьерлерде өте үлкен орын алады. Интерьер кеңістігіндегі негізгі шешімдер осы түстермен байланысты. Оның көмегімен үй-жайларды кеңейтуге және тарылтуға, сондай-ақ жарықтандыруға, жабық етуге болады. Сонымен қатар түстер балалардың, әсіресе олардың физиологиялық және психологиялық ішкі сезімдеріне қатты әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды. Интерьердің дизайны қарапайым болуы тиіс, ол адамдардың өздерін еркін және жеңіл сезінуіне үлкен әсер етеді. Бұл жерде бөлме мен жиһаздың ішіндегі үйлесімділік. Дәл бүгінгі заманғы интерьер дизайнының қазіргі ерекшелігі – бұл қарапайымдылық екенін бәріміз білеміз.

Озық үлгідегі интерьерлер әсіресе бөлме безендіруде, өте жылтыр заттардан аулақ болуды ұсынады. Керісінше керек заттар, жиһаздар, бұйымдар, тіпті картиналар тағы басқалар қажетті орындарында тұрған болса ол адам жанына жылылық ұялатады, жаныңды сергітеді (сурет 3).



Сур. 3 Дизайнер өз жұмысында қолданған түстерді көрсетіп қойған

Отбасының жылуына, тұрғын үйдің ішкі сұлулығына қазақ халқы үлкен ықыласпен қарады. Бұл қазақтың кәдімгі киіз үйі. Нағыз шеберліктің тамаша үлгісі болып табылатын ата-бабамыздан қалған киіз үйдің негізі айқасқан қасиетті керегеден құрастырылған уықтардан, киелі шаңырақтан тұрады. Керегелер жиналмалы қанаттарға біріктіріледі. Олардың жоғарғы жағы үй күмбезінің төбесі, әрі терезесі болып саналатын шаңырақпен ұштастырылып бекітіледі. Керегенің сыртынан әр алуан түске боялған жұмсақ жүн оралып, өрнектеліп тоқылған ши ұсталады. Киіз үйдің сықырлауық деп аталатын есігі, оның сыртынан ораулы шиден тоқылған, оюлы киіз қапталған жаппасы болады. Киіз үйдің ішіндегі (интерьер) оң жақтағы төсекті шымылдықымен қоршап қояды. Оған жалғас орналасқан сүйекті жұқа яққа көрпе-жастық жиналады. Оның жанына сандық, әбдре қойылады. Үй ішіне түс киіз, кілем, алаша ұсталады. Еденге текемет, кілем төселеді. Ауқатты үйлерде кереге, уық сырланып, жез, күміс, алтын мен айшықталып ою-өрнектерімен әшекейленеді.

Киіз үйлердің «Қазақы киіз үй», «қалмақ киіз үй» деп аталатын түрлері бар. Соңғысы шошақ бөрікті болып келеді де, қазақ үйлер еңселі, иығы шығыңқы дөңгелек күмбез тәрізді болады. Олар жорық, немесе көші-қон үйі, тұрғын үй, қонақ үй немесе салтанат үйі болып қанаттарының санына қарай бөлінеді. Бұл үйлер сегіз қанаттан жоғары қарай салтанат үйі болып есептеледі. Алты қанат – ақ үй, сегіз қанат болса – ақ ала орда, он екі қанат – ақ орда, он сегіз қанат – ақ шаңқан, жиырма төрт қанат – алтын үзік, отыз қанат – алтын орда деп аталады. Кейінгілерінің түндігін, шаңырағын көтеруге биік баспалдақтар, аттылы жігіттер пайдаланылған.

Ауасы таза, күннің аптап ыстығынан, жауын-шашыннан, қыстың қарлы боранынан сақтайтын, демалуға, тұрмыс-тіршілікке ыңғайлы бұл үйлерді көшпелі халық тез жығып,

жинап барған жерінде аз уақыттың ішінде құрастырып, тіге салатын болған. Сәулетті сарайға айырбастамайтын қазақтың қасиетті киіз үйі халқымыздың қайталанбас рухани, мәдени, материалдық игілігі болып табылады.

Ал енді өркениетті елдер қатарына ілігер тұста әлемдік мәдениеттің озық үлгілері біз де күнделікті тұрмысымызға дендеп енгізбесек көштен қалып қоярымыз анық. Сондықтан да мазмұнына сипаты сай, мәнді де сәнді өмір сүру үшін өркениетті елдердің озық технологияларын меңгеруге ұмтылуымыз керек. Адамзат баласының алдындағы мақсаты, яғни жарқын болашақ үшін күресі бір сәт те толастаған емес. Қоғамның бір бөлшегі адам десек, әр адам тұрмысының тураламауы үшін, түтіні түзу шығу үшін күресетіні анық [4].

Әлемдік мәдениет пен өнерді ертерек игерген батыс елдері бұл мәселеде – бейнелеу өнерінде де, сәулет өнері саласында да көш ілгері алға кеткен. Күнделікті өмірімізге тікелей ықпал ететін сәулет құрылыс өнері, оның ажырамас бөлігі интерьер дизайны біріншіден адамзат баласына қызмет етуі тиіс. Кейбір теоретиктер сәулет құрылыс өнеріне келгенде оның тек техникалық жақтарын сөз етеді [5]. Ал бұған кешенділік тұрғыдан шығармашылық көзқарас керек.

Демек көркем өнер, көркемдік ансамбль адамзат баласының дүниетанымына, эстетикалық сезімдеріне жағымды әсер етеді. Қазіргі заманда, техниканың кемелденген тұсында сәулет-құрылыс саласы жоғарғы қарқынмен екпінді дамып отыр және адам баласының қоғамдық өмірінде сол тұрғын үйге деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Және де сол тұрғын үйдің, оның интерьерінің көркемдік-сәндік жағынан эстетикалық талғамға сай болуына өте жоғары қызығушылық танытады. Өмірлік ортаны ұйымдастырудың заман талабына сай міндеттерді шешуде ансамбльдік мазмұндық түсінік өте маңызды. Көркемдік ансамбль біздің заттық-кеңістіктің ортаның бір бөлігі бола тұрып, белгілі бір эмоция, ой-қиял, психологиялық жағдай және жалпы адамның өзіндік сезімін тудырып, өмірге келтіреді.

Заттық-кеңістіктің ортасының өнері көркемдік образдың әсері арқылы ортаны көзбен көру арқылы сезіммен қатар түсінік пен ойды, образдың шынай мазмұнын дамытып, бір сөзбен айтқанда, түйсікке біртұтас деңгейін береді. Осылайша заттық ортаның үлкен мәдени тәрбиелік күші қалыптасады. Оны тірі әдеміліктің жүйесін беретін техникалық мәдениет эстетизмін алмастыра алмайды. Заманға сай өмірлік орта тәуелділігін доғара алмайды, ал бұл ансамбльдің өзіне жаңа талаптар қояды, оның элементтері мен бөлімдерінің жаңа принциптердің байланыстылығын іздеуді білдіреді.

Заттық ортаның адамның өмірлік қайраткерлігімен байланыстылығы материалдылықпен рационалды-функционалды және утилитарлықпен шектелмеген, ол шынайы заттарды және адамның әлемдегі орнын сезінуінде айқындалған адамның рухани қайраткерлігін көрсетеді.

Дизайнер – өз жұмысының көрермендерге, үлкенге де, кішіге де жағымды әсер ететін көрініс болу керек екендігін ешқашан ұмытпауы тиіс. Сонымен біз ғылыми – көркем және арнайы безендіру жұмыстарына арналған әдебиеттерді оқып талдай келе эстетикалық болмысты адам баласы ақыл-ой парасатымен, тынымсыз ізденіс пен еңбектің нәтижесінде сұлулықты сезіну арқылы жасайды деген қорытындыға келдік.

Осы білім ордасынан үйренген білім, дағдыларымыз біздің болашақтағы кәсіптік қызметімізге де орасан зор көмегін тигізеді – деп сенеміз. Интерьерді безендіру барысында шектен тыс ірі өлшемді материалдарды немесе өте кішкентай ұсақ бөлшектерді көп пайдалану, немесе әсіресе әшекейлер адамдарды тез жалықтарап, әсер алу қабілетін кемітеді, яғни олардың көркем өнерге деген қызығушылығын төмендетеді.

Сондықтан безендіру жұмысын жасау қиын болғанымен, мүмкіндігінше оған көп сенім артпай, өзінің: түр-түсі, көлемі, өлшемі, ырғақтылық, қарама-қарсылық, кеңістік сияқты арнаулы бейнелік - мәнерлілік құралдарға сүйенуі қажет. Интерьер дизайны көрер көзге ауыр немесе жеңіл, сымбатты, қимылсыз неқозғалыста болуы мүмкін. Оларды нақтылы бір жүйемен қоя отырып дизайнер белгілі бір әсерлерге – өскелең немесе кеми түсетін, біртектес және байсалды немесе серпіледі де ұшқыр әсерлерге қол жеткізеді.

Қысқасы дизайн талғамынды дамытуға, ұшқыр ойларға жетелейді. Дизайн термині біздің өмірімізге салыстырмалы түрде кейін пайда болған. Сонымен «Дизайн» дегеніміз ағылшын тілінен аударғанда суреттеу, салу деген сөз. Яғни дизайн – суреттеу. Ал сурет болмысты зерттеудің және бейнелеудің аса маңызды құралы, бейнелеу өнерінің түп қазығы екенін ұмытпауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. В.А. Ахремко. Сам себе дизайнер интерьера. Иллюстрированное пошаговое руководство / В.А. Ахремко. – М.: Эксмо, 2018. – 96 с.
2. А. Трухачев, А. Иволга, Дизайн. Словарь терминов / ФГБОУ ВПО Ставропольский государственный университет, 2013. – 210 с.
3. В. Макарова. Дизайн помещений: стили интерьера на примерах. / БХВ – Петербург, 2012. – 220 с.
4. Э. Боун. Дизайнер интерьера / Э. Боун. – М.: Махаон, 2018. – 288 с.
5. М. Джилл. Гармония цвета в дизайне интерьера. М. Джилл., 2005. – 160 с.
6. Лосев А.Ф «Проблема символов и реарестическое искусство». М., 1976г.
7. Холмянский Л.М., Шипанов А.С. «Дизайн». М., «Просвещение» 1985 г.
8. Мирервин Г.Б., Устинов А.Г., Вниитэ М. «Основы методики художественного конструирования», М., 1970 г.
9. Е. Каменева. «Кемпіркосактың түсі қандай». Алматы, «Өнер», 1981 г.
10. А.С. Шипанов. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге». Алматы «Мектеп» 1989 г.

УДК 76.03/09

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА ЧЕРЕЗ ПЛАКАТЫ

Нурахметова Гаухар Муратбековна

gaunurrr@gmail.com

Студентка 5 курса кафедры «Дизайн и инженерная графика» ЕНУ имени

Л.Н. Гумилева Астана, Казахстан

Научный руководитель – С.М. Базарбаева

В данной статье рассматривается роль плакатов, посвященных культурному наследию Казахстана.

Бұл мақалада Қазақстанның мәдени мұрасындағы плакаттардың рөлі қарастырылады.

This article examines the role of posters in the cultural heritage of Kazakhstan.

Казахстан – страна в Центральной Азии, известная своим богатым культурным наследием. От древних традиций кочевников до современного искусства и литературы Казахстану есть что предложить миру.

Культурное наследие Казахстана очень актуально по нескольким причинам. Во-первых, оно представляет собой уникальное сочетание этнического и языкового разнообразия, которое сформировалось на протяжении веков взаимодействия с соседними культурами, такими как русская, китайская, монгольская и тюркская народы. Это разнообразие отражено в традиционной музыке, танцах, литературе, искусстве, мавзолеях и архитектуре Казахстана, которые вобрали в себя элементы этих различных культур.

Во-вторых, культурное наследие Казахстана важно, поскольку оно сыграло значительную роль в формировании идентичности страны и чувства государственности. Казахский народ имеет богатую историю, которая восходит к древним временам, и их культурные традиции помогли сформировать особую национальную идентичность, которая является одновременно гордой и жизнестойкой.